



**MARGULAN
UNIVERSITY**

**ISSN 2957-5567 (Print)
ISSN 2957-5575 (Online)**

**Том 5 № 2
2026**

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ: ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

**LANGUAGE AND LITERATURE:
THEORY AND PRACTICE**

**TİL ŽÄNE ÄDEBIET:
TEORIYÂSY MEN TÄŽİRIBESİ**

**MARGULAN
UNIVERSITY**

ISSN 2957-5567 (Print)
ISSN 2957-5575 (Online)

2022 жылдан шығады
Издается с 2022 года

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ПАВЛОДАРСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬКЕЯ МАРГУЛАНА
ALKEY MARGULAN PAVLODAR PEDAGOGICAL UNIVERSITY

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ:
ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ**

**TIL ŽÄNE ÄDEBIET:
TEORIYÂSY MEN TÄŽİRIBESİ**

**LANGUAGE AND LITERATURE:
THEORY AND PRACTICE**

5(2) 2026

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ: ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

КУӘЛІК

2022 жылы 4 наурызда

№ KZ06VPY00046675

мерзімді баспасөз басылымын,

ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою туралы
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Бас редактор **Темірғазина Зифа Қақбайқызы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан.

Scopus ID: 55776658000

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55776658000>

Web of Science ResearcherID: AAC-7121-2020

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/AAC-7121-2020>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3399-7364>

Атқарушы хатшы **Гаранина Екатерина Петровна**, филология ғылымдарының кандидаты, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан.

Scopus ID: 56258135800

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56258135800>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4134-0445>

Халықаралық редакция алқасының мүшелері:

Ағманова Әтіркүл Егембердіқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан.

Scopus ID: 56223933300

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56223933300>

Web of Science ResearcherID: E-5676-2015

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/1716154>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9285-0824>

Әбішева Сәуле Жүнісқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Scopus ID: 55801544900

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55801544900>

Web of Science ResearcherID: AAJ-1094-2021

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/2238472>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4497-0805>

Бабка Ярослав, қоғамдық ғылымдар хабилиттелген докторы, профессор, Зелена-Гура университеті, Зелена-Гура қ., Польша.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8675-553X>

Жарқынбекова Шолпан Құзарқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан.

Scopus ID: 55446258300

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55446258300>

Web of Science ResearcherID: P-3739-2014

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/1696263>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4160-6215>

Зикл Павел, PhD, доцент, Градец-Кралове университеті, Градец-Кралове қ., Чехия.

Scopus ID: 57952438500

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57952438500>

Web of Science ResearcherID: GWV-1126-2022

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/34531336>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1268-6885>

Кожина Алла, филология ғылымдарының докторы, профессор, Польша ғылым академиясының Поляк тілі институты, Краков қ., Польша.

Scopus ID: 59158273400

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59158273400>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5498-7037>

Куссе Холгер, филология ғылымдарының докторы, профессор, Славистика институты, Дрезден техникалық университеті, Дрезден қ., Германия.

Scopus ID: 26033027200

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=26033027200>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0471-9330>

Лучик Малгожата, филология ғылымдарының докторы, профессор, Зелена-Гура университеті, Зелена-Гура қ., Польша.

Scopus ID: 57216740660

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57216740660>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6887-0163>

Николаенко Сергей Владимирович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, П.М. Машеров атындағы Витебск мемлекеттік университеті, Витебск қ., Беларусь.

Scopus ID: 57208782361

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57208782361>

Web of Science ResearcherID: KHW-3895-2024

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/56358803>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7749-6671>

Осокина Светлана Анатольевна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Алтай мемлекеттік университет, Барнаул қ., Ресей.

Scopus ID: 57207456758

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57207456758>

Web of Science ResearcherID: AAO-6543-2020

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/2007473>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9480-1364>

Сағындықұлы Бекен, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан.

Scopus ID: 57193848072

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57193848072>

Web of Science ResearcherID: JXX-8794-2024

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/53954385>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8311-2272>

Синячкин Владимир Петрович, филология ғылымдарының докторы, профессоры, Халықтар достығы Ресей университеті, Мәскеу қ., Ресей.

Scopus ID: 57192938803

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57192938803>

Web of Science ResearcherID: ABI-9183-2022

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/2610951>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2098-6298>

Юдин Алексей Валериевич, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Гент университеті, Гент қ., Бельгия.

Scopus ID: 57193903428

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57193903428>

Web of Science ResearcherID: AFF-5318-2022

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/3646361>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2399-2482>

Эминли Боюкханым Ибраһим қызы, филология ғылымдарының кандидаты, Сумгаит университетінің доценті, Сумгаит қ., Әзірбайжан.

Scopus ID: 58946672000

<https://www.scopus.com/feedback/author/reviewAuthorProfile.uri?authorIds=58946672000>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9338-483X>

Техникалық хатишы: Г.С. Салменова

«Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі» журналдың тақырыптық бағыты:
тіл білімі, әдебиеттану, мектепте және университетте тілдерді оқыту әдістемесі,
мәдениетаралық коммуникация.

Журнал жылына 4 рет шығарылады.

Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

© Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар
педагогикалық университеті

ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ06VPY00046675

выдано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан

04.03.2022 года

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор **Темиргазина Зифа Какбаевна**, профессор, доктор филологических наук,
Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, г. Павлодар, Казахстан.

Scopus ID: 55776658000

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55776658000>

Web of Science ResearcherID: AAC-7121-2020

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/AAC-7121-2020>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3399-7364>

Ответственный секретарь **Гаранина Екатерина Петровна**, кандидат филологических наук,
Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, г. Павлодар, Казахстан.

Scopus ID: 56258135800

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56258135800>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4134-0445>

Члены международной редакционной коллегии

Абишева Сауле Жунусовна, доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный
педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

Scopus ID: 55801544900

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55801544900>

Web of Science ResearcherID: AAJ-1094-2021

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/2238472>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4497-0805>

Агманова Атиркуль Егембердиевна, доктор филологических наук, профессор, Евразийский
национальный университет имени Л. Гумилева, г. Астана, Казахстан.

Scopus ID: 56223933300

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56223933300>

Web of Science ResearcherID: E-5676-2015

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/1716154>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9285-0824>

Бабка Ярослав, хабилитированный доктор общественных наук, профессор, Зеленогурский университет,
г. Зелена-Гура, Польша.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8675-553X>

Жаркынбекова Шолпан Кузаровна, доктор филологических наук, профессор, Евразийский
национальный университет имени Л. Гумилева, г. Астана, Казахстан.

Scopus ID: 55446258300

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55446258300>

Web of Science ResearcherID: P-3739-2014

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/1696263>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4160-6215>

Зикл Павел, PhD, доцент, Университет Градец-Кралове, г. Градец-Кралове, Чехия.

Scopus ID: 57952438500

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57952438500>

Web of Science ResearcherID: GWV-1126-2022
<https://www.webofscience.com/wos/author/record/34531336>
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1268-6885>

Кожина Алла, доктор филологических наук, профессор, Институт польского языка Польской академии наук, г. Краков, Польша.

Scopus ID: 59158273400
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59158273400>
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5498-7037>

Кусе Хольгер, доктор филологических наук, профессор, Институт славистики, Технический университет Дрездена, г. Дрезден, Германия.

Scopus ID: 26033027200
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=26033027200>
ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0471-9330>

Лучик Малгожата, доктор филологических наук, профессор, Зеленогурский университет, г. Зелена-Гура, Польша.

Scopus ID: 57216740660
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57216740660>
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6887-0163>

Николаенко Сергей Владимирович, доктор педагогических наук, профессор, Витебский государственный университет им. П.М. Машерова, г. Витебск, Беларусь.

Scopus ID: 57208782361
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57208782361>
Web of Science ResearcherID: KHW-3895-2024
<https://www.webofscience.com/wos/author/record/56358803>
ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7749-6671>

Осокина Светлана Анатольевна, доктор филологических наук, профессор, Алтайский государственный университет, г. Барнаул, Россия.

Scopus ID: 57207456758
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57207456758>
Web of Science ResearcherID: AAO-6543-2020
<https://www.webofscience.com/wos/author/record/2007473>
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9480-1364>

Сағындықұлы Бекен, доктор филологических наук, профессор, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, г. Павлодар, Казахстан.

Scopus ID: 57193848072
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57193848072>
Web of Science ResearcherID: JXX-8794-2024
<https://www.webofscience.com/wos/author/record/53954385>
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8311-2272>

Синячкин Владимир Петрович, доктор филологических наук, профессор, Российский университет дружбы народов, г. Москва, Россия.

Scopus ID: 57192938803
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57192938803>
Web of Science ResearcherID: ABI-9183-2022
<https://www.webofscience.com/wos/author/record/2610951>
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2098-6298>

Юдин Алексей Валериевич, кандидат филологических наук, профессор, Гентский университет, г. Гент, Бельгия.

Scopus ID: 57193903428
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57193903428>
Web of Science ResearcherID: AFF-5318-2022
<https://www.webofscience.com/wos/author/record/3646361>
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2399-2482>

Эминли Бёюкханым Ибрагим кызы, кандидат филологических наук, доцент, Сумгаитский университет, г. Сумгаит, Азербайджан.

Scopus ID: 58946672000

<https://www.scopus.com/feedback/author/reviewAuthorProfile.uri?authorIds=58946672000>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9338-483X>

Технический секретарь: Г.С. Салменова

Тематическая направленность журнала «Язык и литература: теория и практика»:
языкознание, литературоведение, методика преподавания языков в школе и вузе,
межкультурная коммуникация.
Периодичность: 4 номера в год. Язык публикуемых статей: казахский, русский, английский

© Павлодарский педагогический университет
имени Әлкей Марғұлан

LANGUAGE AND LITERATURE: THEORY AND PRACTICE

CERTIFICATE

about registration of a periodical print publication, an information agency and an online publication

№ KZ06VPY00046675

issued by the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan

04.03.2022

EDITORIAL BOARD

Chief editor **Temirgazina Zifa K.**, Professor, Doctor of Philology, Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan.

Scopus ID: 55776658000

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55776658000>

Web of Science ResearcherID: AAC-7121-2020

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/AAC-7121-2020>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3399-7364>

Executive secretary **Garanina Yekaterina P.**, Candidate of Philology, Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

Scopus ID: 56258135800

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56258135800>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4134-0445>

Members of the international editorial board:

Abisheva Saule Zh., Professor, Doctor of Philology, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Scopus ID: 55801544900

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55801544900>

Web of Science ResearcherID: AAJ-1094-2021

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/2238472>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4497-0805>

Agmanova Atirkul E., Professor, Doctor of Philology, L. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Scopus ID: 56223933300

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56223933300>

Web of Science ResearcherID: E-5676-2015

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/1716154>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9285-0824>

Babka Jaroslaw, Professor, Habilitated Doctor, University of Zielona Góra, Zielona Góra, Poland.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8675-553X>

Zikl Pavel, Associate Professor, PhD, University of Hradec Králové, Hradec Králové, Czech Republic.

Scopus ID: 57952438500

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57952438500>

Web of Science ResearcherID: GWV-1126-2022

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/34531336>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1268-6885>

Zharkynbekova Sholpan K., Professor, Doctor of Philology, L. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Scopus ID: 55446258300

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55446258300>

Web of Science ResearcherID: P-3739-2014

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/1696263>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4160-6215>

Kozhinowa Alla, Professor, Doctor of Philology, Institute of Polish Language Polish Academy of Sciences, Kraków, Poland.

Scopus ID: 59158273400

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59158273400>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5498-7037>

Kusse Holger, Professor, Doctor of Philology, Institute of Slavic Studies, Technical University of Dresden, Dresden, Germany.

Scopus ID: 26033027200

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=26033027200>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0471-9330>

Luczyk Malgorzata, Professor, Doctor of Philology, University of Zielona Góra, Zielona Góra, Poland.

Scopus ID: 57216740660

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57216740660>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6887-0163>

Nikolaenko Sergey V., Professor, Doctor of Pedagogical Sciences, Vitebsk State University named after P.M. Masharov, Vitebsk, Belarus.

Scopus ID: 57208782361

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57208782361>

Web of Science ResearcherID: KHW-3895-2024

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/56358803>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7749-6671>

Osokina Svetlana A., Professor, Doctor of Philology, Altai State University, Barnaul, Russia.

Scopus ID: 57207456758

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57207456758>

Web of Science ResearcherID: AAO-6543-2020

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/2007473>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9480-1364>

Sagyndykuly Beken, Professor, Doctor of Philology, Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan.

Scopus ID: 57193848072

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57193848072>

Web of Science ResearcherID: JXX-8794-2024

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/53954385>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8311-2272>

Sinyachkin Vladimir P., Professor, Doctor of Philology, Peoples' Friendship University of Russia, Moscow, Russia.

Scopus ID: 57192938803

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57192938803>

Web of Science ResearcherID: ABI-9183-2022

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/2610951>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2098-6298>

Yudin Aleksey V., Professor, Candidate of Philology, Ghent University, Ghent, Belgium.

Scopus ID: 57193903428

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57193903428>

Web of Science ResearcherID: AFF-5318-2022

<https://www.webofscience.com/wos/author/record/3646361>

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2399-2482>

Eminli Boyuk Khanum, candidate of philological sciences, associate professor, Sumgait University, Sumgait, Azerbaijan.

Scopus ID: 58946672000

<https://www.scopus.com/feedback/author/reviewAuthorProfile.uri?authorIds=58946672000>

ORCID: <mailto:https://orcid.org/0000-0001-9338-483X>

Technical secretary: G.S. Salmenova

Thematic focus of the journal «Language and Literature: Theory and Practice»:
linguistics, literary studies, methods of teaching languages at school and university,
intercultural communication.

Frequency: 4 issues per year. The language of published articles: Kazakh, Russian, English

© Pavlodar pedagogical university named
after Alkey Margulan

МАЗМҰНЫ. СОДЕРЖАНИЕ. CONTENT

1 Бөлім. Тіл білімі және әдебиеттану Раздел 1. Языкознание и литературоведение Section 1. Linguistics and literary studies

А.Б. Абдуллина

Посткөенестік қазақ прозасындағы генеалогиялық дискурстың жанрлық трансформациясы.....13-25

А.Е. Баербекова, Ж.Д. Рапишева, Ж.У. Есинбаева

«Қазақстан» концептісінің құрамындағы гастрономиялық және вахикалық компоненттердің тілдік репрезентациясы.....26-39

Е.С. Шмакова, С.Б. Бегалиева

Транслингвальные маркеры культурной самоидентификации в произведениях Д. Накипова и А. Жаксылыкова.....40-53

В.А. Гасимова

Концепция любви в повести А.И. Куприна «Олеся».....54-63

Ш.С. Келмағамбетова, С.А. Кенжеғалиев, Ж.М. Баймұрынов

Қазақ діліндегі «Қонақжайлық» ұғымының тілдік көрінісі.....64-80

З.К. Темиргазина

Поэтика постмодернизма в лирике Ербола Жумагулова.....81-94

Т.М. Тулегенов, Б.К. Жумабекова

Оценочный потенциал прецедентных феноменов в англоязычных СМИ.....95-106

А.С. Тухтарова, Ж.А. Жетесова

Лингвокультурная адаптация фильма «Малефисента» в русском и казахском дубляже: экспериментальное исследование.....107-121

A.S. Shaimanov, M. Kuleli, L.M. Mirzoeva

Direct and indirect translations of proverbs in Abai Kunanbaev's "Words of edification".....122-134

Бәйюкханым Ибрагим кызы Эминли, Эльшад Талех оглы Алиев

Фразеологизм *Yaşa dolmağ*: многослойный семантический анализ в контексте языка, права, психологии и культуры.....135-148

2 Бөлім. Хроника. Оқиғалар. Тұлғалар Раздел 2. Хроника. События. Персоналии Section 2. Chronicle. Events. Personalities

Интервью с Б.М.Канапьяновым

«Я не буду оглядываться на мировые авторитеты...».....149-154

1 БӨЛІМ.
ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

РАЗДЕЛ 1.
ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

SECTION 1.
LINGUISTICS AND LITERARY STUDIES

ҒТАХР 17.07.29

[DOI: 10.52301/2957-5567-2026-5-2-13-25](https://doi.org/10.52301/2957-5567-2026-5-2-13-25)

А.Б. Абдуллина

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ақтөбе, Қазақстан

 <https://orcid.org/0000-0001-8695-7417>

email: anar.abdullina@rambler.ru

**ПОСТКЕҢЕСТІК ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ
ДИСКУРСЫҢ ЖАНРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ**

Аңдатпа. Мақалада посткеңестік кезеңдегі қазақ прозасындағы шежіре дәстүрінің жанрлық трансформациясы қарастырылды. Зерттеу барысында гуманитарлық салалардың негізгі нысаны болып отырған шежіре ұғымы тарих, мәдениеттану, әдебиеттану аспектілерінде түрлі мағынаға ие. Мақалада қолданылған тарихи-поэтикалық, нарратологиялық, интерпретациялық, мәдени-семиотикалық талдау әдістері шежіре ұғымын әдебиеттану аспектісінде жүйелі түрде талдауды жүзеге асырады. Зерттеудің негізгі мақсаты шежіре дәстүрінің қазіргі посткеңестік кезеңдегі трансформациясын ұлттық жады, мәдени тұтастықта анықтау. Зерттеу үш бағытта: туындылардағы баяндау ерекшелігін айқындаудағы нарратологиялық сипатында, прозалық туындылардағы сакральды мекен көріністері, мәдени ұғымдардың символдық танымдағы қолданылуы семиотикалық тұрғыда жүргізілді. Зерттеу нысаны – ХХІ ғасырдағы қазақ прозасындағы авторлық интерпретацияға негізделген шежіре дәстүрі. Бүгінгі қазақ прозасында шежіре дәстүрі трансформациялану үдерісінен өтуде. Шежіре ұғымын генеалогиялық дискурс тұрғысында қарау посткеңестік қазақ прозасын лайықты бағалауға мүмкіндік береді. Әдіснамалық негіз ретінде нарратология, мәдени жад теориясы, мәдени семиотика тұжырымдары басшылыққа алынды. Аталған теориялық ұстанымдар шежіре дәстүрінің баяндау құрылымын, авторлық санадағы жадтың трансформациясын, посткеңестік кезеңдегі мәдени контексті айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде посткеңестік қазақ прозасында шежіре дәстүрі статикалық баяндау пішінінен динамикалық сипатқа ие. А. Кемелбаева прозасында шежіре – ұлттық жадта сақталған тарихи оқиғаларды қайта пайымдаудың көрінісі

және дәстүр мен жаңашылдықтың көркем репрезентациясы. Мақала нәтижелері қазақ әдебиетіндегі жад, ұлттық таным мәселелерін зерттеуге, сонымен бірге шежіре дәстүрін арнайылап қарастыруда, талдауда теориялық негіз бола алады. Зерттеуде ұсынылған тұжырымдар қазіргі қазақ прозасындағы шежіре дәстүрін жан-жақты зерттеу жүргізу үшін практикалық мәнге ие.

Түйінді сөздер: шежіре; шежірелік дәстүр; генеалогиялық дискурс; көркем проза; ұлттық таным

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 10.02.2026

Баспаға қабылданған мерзімі: 03.05.2026

Кіріспе

Қазақ халқының дүниетанымында *шежіре* – жеті ата, ұрпақ жалғастығы ғана емес, тарихи жадыны сақтайтын, әлеуметтік кеңістікті ұйымдастыратын мәдени ұғым. Шежіре жүйесі дәстүрлі қоғамда тарихи білімнің өзегін құрайды, сонымен бірге ру-тайпалық қалыптасу, ата-баба өнегесі жайлы білімдерді келесі ұрпаққа жеткізеді. Осыған сәйкес, шежіре тарих (дерек, жад), мәдениеттану, әлеуметтану, фольклор сынды бағыттарды біріктіреді. А. Сейдімбек қазақтың шежіре дәстүрі жайлы: «...Шежіреде ел-жұрттың әлеуметтік-саяси өміріндегі нақтылы хроникалық деректен гөрі сол әлеуметтік-саяси өмірдің типтендірілген сипаты көбірек көрініс тауып отырады. Шежірелік аңыз-әпсаналар мен әңгіме-хикаялар ел-жұрттың әлеуметтік, экономикалық, саяси, құқықтық, салт-дәстүрлік, әсіресе моральдық-этикалық қасиеттерін айғақтайтын дерек-мағлұматтарға тұнып тұр. Бұл ретте, қазақ шежіресі кімнің кімнен өрбігенін білдіретін есімдер тізбесі ғана емес, алдымен сол адамдардың мың-сан тіршілік-тынысы туралы айтылатын тарихи ақпарат тұрғысында ден қойдырады» (Сейдімбек, 2008, б. 15). Шежіре дәстүрі қазақ тарихында Қ. Жалайырдың «Жами ат-тауарих» («Шежірелер жинағы») (1997), Әбілғазының «Түрік шежіресі» (2006), Қ. Халидтің «Тауарих хамса» (2014), Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» (2007), М. Көпейұлының «Қазақ шежіресі» (2010), Х. Досмұхамедұлының «Аламан» (1991), С. Мұқановтың «Халық мұрасы» (2005) сынды еңбектерінде қарастырылған. Соның ішінде қазақ тарихын бағамдауда Жалайыр, Әбілғазы, Халид туындылары үлкен тарихи маңызға ие.

Ерте кезден бастап қазақ халқы шежіреге аса мән беріп, өз ұрпағына ру шежіресін аңыз-әңгіме түрінде жаттатқан. Шежіре – әдебиет пен тарихты байланыстырып тұрған ұлттық жадтағы маңызды ұғым. Шежірелік деректер фольклордың бір саласы ретінде айқындаудың маңызы жоғары (Абдикадирова, 2018, б. 14). Ауыз әдебиеті мен тарихтың, рухани құндылықтар мен ұлттық дамудың маңызды салаларының бірі шежіремен байланысты (Onal & Saltakova, 2019, p. 39). Тарихи тұрғыдан шежіре әлеуметтік мәртебені айқындайды, сонымен бірге ұжымдық жауапкершілікті білдіреді. Бұған руаралық қатынастағы құн төлеуді атауға болады (Каженова, 2025, б. 75). Фольклорда жиі кездесетін шежіре дәстүрі кейінгі кезеңде, әсіресе посткеңестік дәуірде жаңа мазмұнға ие болды. Бұл өз кезегінде зерттеудің өзектілігін, жаңашылдығын айқындай түседі.

Әлем әдебиетінде шежіре дәстүрі көркем прозамен тікелей байланысты. Әлем әдебиеттануында биографиялық проза, генеалогиялық проза, отбасылық шежіре (семейная сага) тәрізді жанрлар шежіре дәстүрінің шетел әдебиетінде де өзекті екенін айқындай түседі. Дегенмен шежіре дәстүрінің тарихына терең үңілетін болсақ, антикалық кезеңдегі энкомион деген автобиографиялық баяндау формасын кезіктіреміз. Осы тұста зерттеуші М. Бахтин шежіре дәстүрінің баяндалу сипатына қарай екі түрлі формасы барын айтады (Бахтин, 1975, б. 459). Бірінші түрі – энкомион дәстүрі, екіншісі – платондық стиль, яки Сократ, Федон өмірбаяндары үлгі бола алады. Заманауи прозадағы үлгісі К. Исигураның «Отбасылық кешкі ас» шығармасынан көрінеді. Аталған туындыда жапон мәдениеті, сонымен бірге отбасы мүшелері арасындағы қатынас мәселесі көтеріледі. Шығармада анасының өлімінен кейінгі отбасы мүшелері қарым-қатынасының өзгергені прагматикалық сипатқа ие. Кейіпкерлер ауыр тақырыпты қозғаудан қашып, маңызды ойлары ішінде айтылмай қалып жатады. Шығармадағы генеалогиялық дискурс жапон ұлтының мәдениетін, сонымен бірге отбасы арасындағы прагматикалық байланыстан көрінеді (Puskas, 2026).

Зерттеудің өзектілігі қазіргі қазақ прозасындағы шежіре дәстүрі кейіпкерлердің тегін таныстыруды емес, көркем мәтіннің ішіндегі ұлттық жадының көрінісін беруімен байланысты анықталады. Бұндай ұстаным шежіренің этнографиялық фон немесе өткенді баяндайтын деталь аясынан шығуын көрсетеді. Сонымен бірге, қазақ қоғамының реттеу жүйесін, билік пен бедел иерархиясын, туыстыққа негізделген ұжымдық жауапкершілікті танытатын мәдени әрі әлеуметтік институт ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты ХХІ ғасырдағы қазақ прозасындағы шежіре дәстүрі арқылы көрінетін ұлттық жадының, мәдени тұтастықтың негізін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілі А. Кемелбаеваның шығармашылығы негізге алынды. Зерттеу нысаны – қазіргі қазақ прозасындағы шежіре дәстүрі мен оның көркем мәтіндегі көрінісі. Мақаланың ғылыми жаңалығы қазіргі қазақ прозасындағы шежіре дәстүрін генеалогиялық дискурста жүйелі түрде талдауынан көрінеді. Нәтижесінде шежіренің ұлттық жад пен әлеуметтік байланыстың жүйесін, сонымен бірге қазіргі әдеби үдерістегі дәстүр мен жаңашылдықтың байланысын жаңа деңгейде түсіндіруге үлес қосады.

Шежіре феномені гуманитарлық бағыттағы зерттеулерде тарихи-деректік, этнологиялық нысан ретінде қарастырылып келді. Аталған бағытта шежіре деректану тұрғысында жіктеліп, соның ішіндегі аңыздық қабат, яғни ру-тайпалардың қалыптасу тарихы, белгілі бір рудан шыққан тұлғалар туралы мәліметтер алдыға шығады. Қазақ шежіресін академиялық деңгейде зерттеген М. Алпысбес шежіренің ата-тек тарату ғана емес, тарихи жадыны сақтайтын деректер кешені деп бағалайды (Алпысбес, 2013).

Екінші бағыт шежірені әлеуметтік институт ретінде талдау ұжымдық сананың көрінісін айқындай түседі. Шежіре – генеалогиялық жүйе ғана емес, әлеуметтік сипаттағы тарихи жадыны сақтаудың механизмі (Sadvokassova & Aspan, 2025). Шежіре тарихи жадыны ғана емес, ұжымдық жадыны тасымалдайтынын, соның ішінде ру, ата-баба культі және т.б. шетелдік зерттеушілер М. Halwachs (1992), А. Erll (2011) сынды ғалымдар атап өтеді.

Әдебиеттануда шежіре дәстүріне қатысты зерттеулер бірнеше аспектіде көрінеді. Біріншіден, Ж. Салтақова, Ә. Қоспағарова сынды зерттеушілер фольклорлық туындылардағы тың деректердің көрініс табуы деген топшылау жасайды (Салтақова & Қоспағарова, 2022). Екіншіден, тарихи проза мен деректілік байланысы: тарихи романның поэтикасы, ондағы ауыз әдебиеті үлгілерінің (аңыз, әпсана, шежіре және т.б.) көркем мәтінге енуі. Зерттеуші Н. Омаров пікірінше, қазақ әдебиетіндегі автобиографиялық, мемуарлық жанрлардағы туындыларда шежіре дәстүрі басты кейіпкерді таныстыруда жиі кездеседі (Омаров, 2021).

Материалдар мен әдістер

Мақаланың зерттеу материалы ретінде қазіргі қазақ прозасындағы шежіре дәстүрінің көрінісі айқын көрінетін А. Кемелбаева шығармалары, соның ішінде «Көкқия», «Тұлпарбасқан», «Әулиебұлақ», «Көкенай мен Қалқаман», «Шашты» сынды туындылары іріктелініп алды. Зерттеу корпусына әулет, ұрпақ сабақтастығы, ата қоныс, туыстық қатынас көрініс тапқан мәтіндер таңдалды. Корпусты қалыптастырудағы негізгі белгілер: шежірелік дәстүрдің айқын көрінуі; ұжымдық және моральдық жауапкершілік (ұлттық салт-дәстүрлердің берілуі) көріністері; символдық деңгейде берілуі. Көркем мәтіндерден шежіреге қатысты тілдік маркерлер, туыстық терминдер, әулет көрінісін қамтитын фрагменттер, салт-дәстүрлер, кеңістік атаулар ажыратылды.

Мақалада тарихи-поэтикалық талдау, нарратологиялық талдау, интерпретациялық талдау, мәдени-семиотикалық талдау әдістері қазіргі қазақ прозасындағы шежіре дәстүрінің трансформациясын, қызметін анықтауда ұтымды қолданылды.

Тарихи-поэтикалық талдау әдісі. Аталған әдіс арқылы фольклорлық шежіре дәстүрінің генезисі негізге алынып, бүгінгі прозадағы трансформациясы зерделенді. Талдау барысында дәстүрлі шежіренің элементтері қазіргі прозадағы жаңа сипатымен салыстырылып, дәстүр сабақтастығы мен жаңашылдықтың аражігі ажыратылды. Фольклордағы шежіренің жанрлық табиғаты кейіпкердің болмысын суреттеуде көрініс табады. Көркем мәтін кеңістігіндегі шежіре дәстүрінің өзгерісі А. Кемелбаева прозасының негізінде талданып отыр.

Нарратологиялық және интерпретациялық талдау әдістері. Кемелбаева прозасындағы шежірелік дәстүрдің баяндау деңгейіндегі қызметін айқындау нарратологиялық және интерпретациялық талдау әдістері негізінде жүзеге асты. Шежірелік элементтердің композициялық рөлі, баяндау тәсілдеріне талдау жүргізілді. Интерпретациялық әдіс авторлық ұстанымды айқындауға мүмкіндік берді. Осы ретте Кемелбаева прозасындағы шежірелік дәстүр «Әулиебұлақ», «Көкқия», «Тұлпарбасқан» автофикшн элементтері арқылы нанымды берілгенін көреміз. Одан бөлек, «Шашты», «Көкенай мен Қалқаман» әңгімелерін талдау арқылы ұлттық дүниетанымдағы маңызды ру, әулет, тектілік тақырыптарын айқындаймыз. Таңдап алынған әдістер қаламгер туындыларындағы шежірелік дәстүрдің табиғатын ашуға мүмкіндік береді.

Мәдени-семиотикалық талдау әдісі. Зерттеуде мәдени-семиотикалық талдау әдісі негізінде шежіреге қатысты символдардың семантикалық өрісі талданып, мәтін ішіндегі идеялық-мағыналық қызметі анықталды. Кемелбаева прозасындағы шежіре дәстүрінің мағыналық жүгі ұлттық құндылықтар мен танымдық негіздермен

байланысты. Мәдени мәнге ие салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар көркем проза кеңістігінде семиотикалық қызметте танылады. Көркем туынды мәтінінде ұлттық дүниетаным элементтері, әсіресе, халық санасындағы түсініктер концептосфера ұғымына жинақталады (Dairbekova, 2025). Осыған сәйкес аталған әдіс ұлттық дүниетаным элементтерін мәдени әрі семиотикалық аспектіде зерттеуге септігін тигізеді.

Нәтижелер және талқылау

Посткеңестік кезеңдегі әдеби үдеріс қазақ тілді әдебиеттің үстемдігімен анықталады (Андрющенко, Орынханова, 2025). Әлемдік әдебиетте ұлттық құндылықтардың берілуі трансмәдени сипаттағы үлгісі қалыптасқан (Huggan & Roy, 2026). Өз кезегінде көркем прозадағы ұлттық құндылықтардың маңызын айқындай түседі. Кейінгі кезеңде трансұлттық әдебиет кейіпкерлері өзінің ұлттық бірегейлігіне назар аударады (Kulez, 2025). Жаһандық мәдениет контекстінде ұлттық құндылықтардың берілуі өзекті. Қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілі Кемелбаева шығармашылығында ұлттық құндылықтар молынан суреттеледі. Соның ішінде автор шежіре дәстүрін негізге алған шығармаларының маңызы зор. Бір тобы автор естеліктеріне, яғни автофикшндік элементтер арқылы көрініс тапқан. Кемелбаеваның «Көкқия» әңгімесі – қазақ прозасындағы шежіре дәстүрінің көркемдік көрінісін айқындайтын шығарма. Жазушы соғыстан аман оралып, бейбіт күнде отбасының қасында кездейсоқ қаза тапқан Түсіпхан образын сомдап, әулет ішіндегі қыршын кеткен боздақтардың жиынтық бейнесін береді. Әңгімеде шежіре жеті атаның тізбектелуі емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын тарихи жад ретінде көрінеді. Сонымен бірге Түсіпханның өлім ауызында жатып ата-бабасын түгендеуі қазақы дүниетанымындағы әруаққа сыйыну, тектік тамырдан ажырамауды білдіреді. Әңгімедегі кейіпкер концепциясы Түсіпхан негізінде ашылып, әулет баянындағы шежіренің маңызын танытады. Шежірені жадында сақтаған кейіпкер бейнесі арқылы қазақ қоғамындағы жеті ата, рулық бірлік, сонымен бірге қиын сәттегі туыстық қамқорлықтың маңызы көрінеді. «Көкқия» әңгімесінде қаламгер шежірелік дәстүрді ұлттық болмыстың өзегі ретінде танытып, этномәдени құндылықтармен шебер байланыстырады.

Кемелбаева прозасындағы шежірелік дәстүр – ұлттық болмысты жаңғыртудың басты құралы. Автордың кейіпкерлер жүйесінде ұрпақтар сабақтастығы мен генеалогиялық желі нақты берілген. «Тұлпарбасқан» әңгімесінде Тарбақ, Биғайша образдары, сонымен бірге Наз әулеті шежіресінің аталуы тектілік маңызын айқындайды. Әңгімедегі топонимдік атаулардың молдығы сюжетті тарихи-мифологиялық контекспен толықтырып, көркемдік кеңістікті кеңейте түседі. Қаламгер жер-су атаулары арқылы рудың тарихын, шежіресін жаңғырта түседі. Шығармадағы этнографиялық элементтер әменгерлік, ат тергеу дәстүрлерінде көрініс тауып, бүтіндей әулеттің ұжымдық жауапкершілігін баяндайды. Әңгімедегі шежіре дәстүрі Биғайшаның бабасы Назды суреттеуден көрінеді: *Арғы бабасы Наз бір көшке төрт жылқы мінген, ат арқасы салмағына шыдамайды екен, төрт әйелі болған. Бір әйелі жорықта қалмақтан түскен олжа келіншек екен, күйеу таңдау еркі оның өзіне берілген. Ол әйелінен туған ұрпақты ел «Наздың қалмағы» деп атайды* (Кемелбаева, 2021, б. 99). Әңгімеде сөз болған Биғайша шежіресі қазақтың ұлттық танымындағы ру шежіресінің маңызын айқындайтынын көреміз.

Қаламгердің шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуы тарихи оқиғалармен байланысты (Абдуллина, 2024, б. 144). Колониалды кезеңде орын алған оқиғалар әңгімелерінің негізгі арқауы болып, ондағы кейіпкерлер жүйесі де сол кезеңге сай сомдалған. Мәселен Наз атадан тараған ұрпақтардың бірлігін сақтап, әулет арасындағы татулығын нығайтып отыруда Тарбақтың образы асқан шеберлікпен суреттелгенін айқындаймыз. Тарбақтың Түсіпхан қазасына қатты қайғыруы, ағайынды Бодаухан қыршын кеткенде артындағы қалған жары Нұржанды әмеңгерлікпен алып, інісі Оразханға баласындай қамқорлық жасауы қазақ қоғамындағы туысқандықтың кемел үлгісін көрсетеді. Тарбақ тұлғасы арқылы автор «ел ағасы» бейнесін сомдап, шежіре жалғастығын үзіп алмауға бағытталған парасаттылық, ата-баба аманатына адалдықтың көрінісін береді.

Кемелбаеваның «Әулиебұлақ» повесі – қазақ әдебиетіндегі автоэтнографиялық стиль мен автофикшн элементтерінің синтезінен туған энциклопедиялық шығарма. Повесте Тобықты руының, соның ішінде Наз тарауының генеалогиялық тарихы көркемдік шешім аясында баяндалады. Повестің композициялық ерекшелігі хронологиялық бірізділіктің болмауында. Автор ашаршылық, қуғын-сүргін, Семей полигоны тәрізді тарихи оқиғаларды ру тарихымен ұштастырады. Повесте баяндалатын оқиғалар, кейіпкерлер жүйесі автордың өз өмірінен алынған. Тарбақ, Нұржан, Түсіпхан, Оразхан, Нұрғайша, Биғайша, Тоқтан, Құсман сынды образдар – қаламгерге етене таныс бейнелер. Осылайша, повестегі автофикшндік элементтер шежіре дәстүрін айқындаудағы маңызды саналады.

Дегенмен аталған повестегі автофикшндік элементтер – автордың өз өмірінен шынайы фактілерді көркемдеп жеткізуімен көрінетін детальдар. XX ғасырдың 70-жылдарында қалыптасқан термин автобиографияның модификациясы (Судленкова, 2019, б. 176) деп танылды. Автофикшн – көркем шығарманың негізгі кейіпкері автордың өзі болып табылатын жанр. Бұны бір топ зерттеушілер автобиография мен роман жанрының тоғысынан туған жанр деп таниды (Siary & Kosova, 2019, p. 76). Кемелбаева прозасында автофикшндік элементтер қазақ прозасының жаңа көркемдік ойлау формасын, шығармашылық тұлғасының ішкі әлемін зерттеудің жоғары деңгейін көрсетеді (Абдуллина, 2026). Қаламгердің «Көкқия», «Тұлпарбасқан», «Әулиебұлақ» шығармалары шежірелік дәстүрдің автофикшндік сипатын танытатын бір топ шығармалары екенін айқындаймыз. Автор өз өмірінен шынайы деректер келтіре отырып, өзі естіген естеліктерін көркем мәтін кеңістігіне сәтті түрде енгізе білген. Енді бір жағынан бұл автордың көркем мәтіндегі берік позициясын аңғартады.

Кемелбаева повесте бауырына салу дәстүрін беру арқылы әулет арасындағы татулықты көрсетеді. Оразхан мен Кенжеғаным соғысқа аттанып, қаза тапқан немере ағасы Мәлғаждардың баласы Амангелдіні бауырына басады. Әңгімеде былай берілген: ... *Көп кісі атпен келіп, жетім баланы ағайынына табыстады* (Кемелбаева, 2024, б. 348). Шығармадағы Амангелдінің тағдыры – көшпелілер заңынан бастау алатын «жетімді жылатпаған» қазақы болмыстың көрінісі. Баланың тағдыры жеке отбасы деңгейінде емес, бүкіл әулет деңгейінде Тарбақтың шаңырағында шешіледі. Бұл өз кезегінде Тарбақтың ұрпақ қамын ойлайтын абзал ақсақал екенін көрсетеді. Қазақы дүниетанымда ер бала шаңырақтың иесі болғандықтан, өз жұртында қалуы тиіс. Амангелдіні бауырына басқан Кенжеғаным

әулет арасындағы татулықты ойлаған ана болмысын танытады. Кенжеғаным образы арқылы өз баласы мен бауырына басқан баласын бөліп-жармайтын дәстүрлі қазақ әйелінің бейнесі көрінеді. Повесте беріліп отырған фрагмент арқылы автор қазіргі қазақ қоғамында ұмытылып бара жатқан «бауырды жатсынбау» мәселесін көтереді.

«Көкқия», «Тұлпарбасқан», «Әулиебұлақ» шығармаларында Құндызды, Тұлпарбасқан, Әулиебұлақ топонимдері ру тарихымен тығыз байланысты. Топонимдерді беру арқылы автор шежірелік дәстүрді деректілік деңгейіне көтеріп, қазақ жерінің әрбір мекені тарихтан сыр шертетінін көркем түрде баяндайды. Ендігі кезекте шежірелік дәстүрдің келесі бір сипатын қарастырсақ.

Кемелбаеваның «Көкенай мен Қалқаман» әңгімесі – Ш. Құдайбердіұлының дастанынан белгілі классикалық сюжеттің интерпретациясы. Әңгімедегі басты ұстаным Тәуке хан заманынан бекітілген «жеті ата» заңының бұзылмауы. Автор Көкенай образы арқылы ұлттық дәстүрді сақтау маңыздылығын танытады. Яғни «жеті атадан аспай, қыз алыспау» – тек салт қана емес, ұлттың болашағын айқындайтын әлеуметтік маңызы бар дала заңы. Қаламгер Қалқаман мен Мамырдың сезімін дала заңымен бетпе-бетпе келтіріп, Көкенай шешімінің астарында ұлт тағдыры жатқанын жеткізеді. Шежірелік деректер мен рулық қақтығыстар әңгіменің тарихи негізін нығайтып, «теріс бата», «ат құйрығын кесу» сынды әрекеттер арқылы кейіпкерлердің ішкі сезімдері тереңдікке ие. Көкенайдың образы дала заңын сақтайтын, болашақ ұрпақтың қамын ойлайтын бидің бейнесінде танылады. Әңгімеде: ... *Қалқаманның ләйліген жат қылығын қазыға саламын. Байғазының бетінен қақпай өсірген жалғыз қызын өзім жазалаймын, өлсе түк обалы жоқ. Туысым деп құлдық ұрман, ата салтты бұзу тайпалы елге жұт, кер кеткен кеселдің басы. Қайырусыз жылқыны құлан, домбай еліктіріп әкетер. Ер үшін есілген илан қатер. Сүйекке таңба салған қос есерікті тыю сенен емес пе, баба!* (Кемелбаева, 2024, б. 112). Осы негізде Көкенайдың қос ғашыққа қатал үкім шығаруы кейінгі ұрпақтың жайын ойлағаны, ата дәстүрдің сақталуы сынды мәселелердің жатқанын көреміз. Сонымен бірге әңгімеден Ш. Құдайбердіұлының ғашықтық дастанын негізе алуынан интермәтінділік байланысты көреміз. Құдайбердіұлы шығармасында екі ғашықтың трагедиясын поэтикалық қуатпен беруді мақсат етсе, қаламгер Кемелбаева Көкенайдың образын алдыға шығарып, трагедияның себебін ұлт болашағымен байланыстырады. Бұндай интеллектуалды дискурс ұлт тағдырына алаңдаған Көкенай сынды әділ бидің қатал үкімі астарында ұлт болашағы жатқанын көрсетеді.

«Шашты» әңгімесі – қазақ әдебиетіндегі шежірелік дәстүрдің озық үлгісі. Мұнда адамның жеке басы бостандығы мен ұлттың тәуелсіздік идеясы байланысып жатыр. Кенжебектің түрікпендер тұтқынынан босауы жай еркіндік қана емес, отаршылдық қамытын киген халықтық азаттыққа деген ұмтылысын көрсетеді. Әңгімедегі шежірелік дәстүр ру, тегін сұрасу дәстүрінен көрініс тауып, қазақы болмыстың тұтастығын дәлелдеуде танылады.

Әңгімедегі басты кейіпкер Кенжебек түрікпендердің қолына тұтқынға түсіп, Тасқұлдың көмегімен еліне аман-есен жетеді. Әңгімеде: ... *Баланың басында түрікпен бөрік, қалың шашы иығынан асып, жалбырай өсіп, арқасын тұтып жапқан, күн жеп, тер сіңген киімі әбден тозған. Атасы ақ сары өңі тотығып, әбден қап-қара болып, күнге күйген ұлан немересін үкідей дөңгелек көзінен айнытпай танып, кәрі көзінен жасы ағып, бас салды* (Кемелбаева, 2024, б. 166). Қазақ пен түрікпен арасындағы жаугершілік кезеңді беру арқылы автор символды

түрде колониалды кезеңді астыртын түрде сипаттайды. Шежіре дәстүрімен үндесе берілген колониалды кезең тарихы ұлттық жадыдағы оқиғалардың маңызын көрсетеді.

Құлдықтағы жас бала мен қарт арасындағы диалогтардан қарттың тұлғалық позициясы айқындалады. Оның пікірінше өзі еркіндікке жетпесе де, жас бала еліне аман-есен оралуы тиіс. Тасқұл қарт – қазақы танымдағы ескілікті, даналықты бойына жинаған, азаттықты аңсаған кейіпкер. Кенжебекті еліне қашырып жіберген соң түрікпен жұрты Тасқұлдың тегін адам еместігін мойындап, басына еркіндік бергісі келеді. Алайда қарт өз шешімімен түрікпен жерінде қалып, жылқы баптауды таңдайды. Автор қарт пен жас баланы беру арқылы болашақ ұрпақ үшін еркіндіктің маңызын нанымды суреттейді.

Қазіргі қазақ прозасында шежіре дәстүрі ата-бабалардың тізбегін түгендейтін генеалогиялық дерек емес, ұлттық жадты жандандыра түсетін нарративтік пішінге ие болды. Аталған негізде Кемелбаеваның «Көкқия», «Тұлпарбасқан», «Әулиебұлақ», «Көкенай мен Қалқаман», «Шашты» туындылары шежірелік баяндаудың қазіргі көркем санадағы жаңа қызметін айқындайды:

Біріншіден, тарихи, мифтік, биографиялық арналардың бір бағытта тоғысуы. Автор Тобықты руының ішіндегі Жамантобықты, оның ішіндегі Наз тарауының шежіресін беруде өзінің бала кезіндегі естеліктерін негізге алады.

Екіншіден, кеңістік пен символдық белгілердің мәдени-семиотикалық код ретінде көрініс беруі. Киелі топонимдердің ру шежіресіне деректік сипат беруі, мәдени ұғымдардың символды түрде жүзеге асуы қазақ прозасындағы дәстүрдің жаңғыра түскенін көрсетеді.

Үшіншіден, қаламгердің автофикшндік элементтерді тиімді пайдалануы ұлттық танымның көркем мәтіндегі эстетикалық талаптарын нығайтады. Осылайша, А. Кемелбаеваның прозасындағы шежірелік дәстүрдің автофикшндік элементтерде анықталуы – көркем прозаның айқын деталы.

Кемелбаева прозасындағы басты ерекшелік – нарративті баяндаумен байланысты. Наз тарауының шежіресі авторлық баяндауда жүзеге асады. Осы ретте Кемелбаева шығармашылығындағы шежірелік дәстүр екі сипатта көрініс табады. Біріншіден, автофикшндік элементтер автордың өзінің естеліктеріне негізделген сюжеттердің жиынтығы. Екіншіден, ұлттық танымда шежіреге қатысты жалпыға ортақ сюжеттерді негізге алады (1-кесте).

Кесте 1. А. Кемелбаева прозасындағы шежірелік дәстүрдің көріністері

А.Кемелбаева прозасындағы шежірелік дәстүрдің сипаты

Автофикшндік элементтер	Ұлттық танымдағы сюжеттер
Автор балалық шақтағы естеліктерін көркемдік детальдармен жүйелеп, шығарма сюжетіне шебер байланыстырады.	Автор ұлттық танымдағы маңызы жоғары жеті ата, ру, әулет тақырыптарын көтеріп, қазақ қоғамындағы маңызына айрықша тоқталады.
«Көкқия», «Тұлпарбасқан», «Әулиебұлақ» және т.б.	«Көкенай мен Қалқаман», «Шашты» және т.б.

Кемелбаеваның «Көкқия», «Тұлпарбасқан», «Әулиебұлақ», «Көкенай мен Қалқаман», «Шашты» туындыларындағы шежіре дәстүрі қазіргі қазақ прозасында үш деңгейде, көркем-рефлексиялық сипатта көрініс табады: нарратологиялық тұрғыда шежіре баяндаудың жаңа динамикасын арттырады; сакральды топоним мен ұлттық жадының бірлігі шежірені мәдени нышанды айқындайды; семиотикалық аспектіде шежіре ұлттық салт-дәстүрлер мен символдар жүйесі арқылы шығарманың көркемдік әлемін қалыптастырады. Осылайша, Кемелбаева прозасындағы шежіре дәстүрі – ру жайлы жалаң дерек емес, өткен мен бүгінді, дәстүр мен жаңашылдықты диалогқа әкелетін көркемдік деталь.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық танымындағы *шежіре* ұғымы – тарих, мәдениеттану, әдебиеттану салаларының тоғысында маңызды саналатын ұлттық жадының көрінісі. Посткеңестік кезеңдегі қазақ прозасында шежіре дәстүрінің трансформациясы Кемелбаева прозасында автофикшндік тәсілмен, сонымен бірге ұлттық танымдағы сюжеттер арқылы айқындалады. Қаламгердің өзінің естеліктеріне құрылған «Көкқия», «Тұлпарбасқан», «Әулиебұлақ» туындыларындағы тарихи контекст, кейіпкерлер жүйесі шежіре дәстүрінің автофикшндік сипатымен ерекшеленеді. Өз кезегінде «Көкенай мен Қалқаман», «Шашты» әңгімелері ұлттық танымдағы белгілі ру, жеті ата, әулет тақырыптарын қамтиды.

XXI ғасырдағы қазақ прозасының көрнекті өкілі саналатын Кемелбаева ұлттық танымды, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды көркем мәтін кеңістігінде шежіре дәстүрі негізінде жаңғыртты. Осы тұста қаламгер туындыларында әмеңгерлік, ат тергеу, бауырына салу дәстүрлерінің берілуінің маңызы жоғары.

Посткеңестік прозадағы шежірелік дәстүр ұлттық жадтың көркем репрезентациясы тектілік пен әулет туралы қазақы танымдағы түсініктерден бастау алады. Сонымен бірге көркем шығарманың тақырыптық-мазмұндық аясын, кейіпкерлер жүйесін ашуда шежіренің үлесі жоғары. Қорытындылай келе, қазіргі посткеңестік кеңістікте шежіре дәстүрі А. Кемелбаева туындыларында қайта жаңғырып, генеалогиялық дискурстың негізін қалауда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Абдикадирова А.Ж. Қазақтың ауызша тарихы – ұлт руханияты // Қарағанды университетінің хабаршысы. № 2 (90). 2018. Б. 14–19.
- Абдуллина А. А. Кемелбаева шығармаларындағы халықтық таным ұлттық код ретінде // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. № 1 (146). 2024. Б. 140–149. <https://doiorg/10.32523/2616-678X-2024-146-1-140-149>
- Абдуллина А. Қазіргі қазақ прозасы және автофикшн тәсілі. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/anar-abdullina-qazirgi-qazaq-prozasy-zane-avtofiksntasili_10001149 (қаралған күні: 20.01.2026)
- Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу. Астана: BG-Print, 2013. 380 б.
- Андрющенко О., Орынханова Г. Транскультурность в колониальной и постколониальной казахстанской литературе как результат культурного трансфера // Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі – Язык и литература:

- теория и практика. № 4 (2). 2025. С. 24–37. <https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-2-24-37>
- Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы: Ана тілі, 2006. 200 б.
- Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. Москва: Художественная литература, 1975. 506 с.
- Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991. 176 б.
- Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. Алматы: Қазақстан, 1997. 128 б.
- Каженова Г.Т. Родоплеменная структура и традиционные институты казахского общества как факторы выживания и социальной устойчивости // *Turkic Studies Journal*. № 4. 2025. Б. 66–88. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-66-88>
- Кемелбаева А. Таңдамалы: әңгімелер, повестер. Астана: Фолиант, 2024. 392 б.
- Көпейұлы М. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 10. Алматы: Ел-шежіре, 2010. 400 б.
- Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Астана: Алтын кітап, 2007. 270 б.
- Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы: Жазушы, 2005. 303 б.
- Омаров Н.Қ. Тәуелсіздік жылдардағы мемуарлық романдар. Қарағанды: Medet Group ЖШС, 2021. 180 б.
- Салтакова Ж.Т., Қоспағарова Ә.К. Қазақ эпостарының шежірелік сипаты // *Керуен*. № 2(75). 2022. Б. 184–192.
- Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Астана: Фолиант, 2008. 728 б.
- Судленкова О.А. Вымышленная автобиография Пенелопы Лайвли // *Вестник МГЛУ*. № 1(98). 2019. С. 176–181.
- Халид Қ. Тауарих хамса. Астана: Prosper print, 2014. 286 б.
- Dairbekova, A. (2025). The Concept of “People” in the Novel *The Nomads: Despair* by I. Yessenberlin. *Bakhtiniana. Revista De Estudos Do Discurso*, 20(4). <https://dx.doi.org/10.1590/2176-4573e67624>
- Erll, A. (2011). Locating Family in Cultural Memory Studies. *Journal of Comparative Family Studies*, 3(42), 303–318.
- Halbwachs, M. (1992). *On Collective Memory*. Chicago: The University of Chicago Press.
- Huggan, G., & Roy, T. (2026). Indigeneity, Mobility, and the Stakes of World Literature: Alexis Wright’s *The Swan Book* as Cautionary Tale. *Journal of World Literature* (published online ahead of print 2026). <https://doi.org/10.1163/24056480-tat00013>
- Kulez, A. (2025). The Literary Misencounter: South-South Hermeneutics in Asli Erdogan’s *The City in Crimson Cloak*. *Comparative Literature Studies*, 62(1), 98–119. <https://doi.org/10.5325/complitstudies.62.1.0098>
- Onal, M.N. & Saltakova, Zh.T. (2019). The Historicity of Kazakh genealogy storytelling. *Bulletin of KazNU*, 3(175), 38–44.
- Puskas, A. (2026). Pragmatic Meaning and Intercultural Influences in Kazuo Ishiguro’s *The Family Supper*. *Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences*, 3(19), 672–679.
- Sadvokassova, A. & Aspan, T. (2025). Shezhire as a code of sustainability: Traditional Kazakh wisdom for sustainable futures. *SustainE*, 3(1), 59–88.

Siary, G. & Kosova, Yu.A. (2019). “The World, More or Less” by Jean Rouaud: between novel and autofiction. *RUDN Journal of Studies in Literature and Journalism*, 24(1), 73–83. <https://doi.org/10.22363/2312-9220-2019-24-1-73-83>

References

- Abdikadirova, A. Zh. (2018). Kazaktyn auyzsha tarihy – ult ruhanııaty [Kazakh oral history – the spirituality of the nation]. *Bulletin of the Karaganda University*, 2(90), 14–19. (in Kaz.).
